

**Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

*Күшіні жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 573 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 6 сәуірдегі № 4-4/306 бұйрығын қараңыз.

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**

**Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 9

м а м ы р д а ғ ы

№

5 7 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

## **Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидалары 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандату бойынша жергілікті бюджетте тиісті қаржы жылына көзделген қаржы есебінен және шегінде субсидиялар (бұдан әрі – субсидиялар) төлеу тәртібін айқындайды.

2. Субсидиялар ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) осы Қағидаларда белгіленген тәртіпке сәйкес мынадай бағыттар бойынша :

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген гербицидтердің құнын арзандатуға (50 %-ға дейін);

2) биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттардың құнын арзандатуға (40 %-ға дейін) бөлінеді.

3. Қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген бағыттарға сәйкес облыстың және Астана мен Алматы қалаларының тиісті жылға арналған бюджеттерінде көзделген қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті бюджеттерінде көзделетін қаражат көлемі республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында тиісті жылға белгіленген, ауыл шаруашылығына бағытталатын ең аз бюджет қаражатының көлемінен төмен болмауы тиіс.

4. Қандай да бір аудан бөлінген қаражатты толық игермеген жағдайда, облыстардың әкімдері оларды облыс бойынша бекітілген субсидиялау көлемі шегінде осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген бағыттар бойынша қайта бөледі.

5. АШТӨ-нің субсидиялар алуға арналған тізімін айқындау үшін әрбір

ауданда (облыстық маңызы бар қалада, Астана және Алматы қалаларында) аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімінің шешімімен ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі – ВАК) құрылады.

В А К - т і ң қ ұ р а м ы н а :

1) аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімдігінің, оның ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, Астана және Алматы қалаларының) ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімдерінің немесе басқармаларының;

2) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның аумақтық инспекциясының;

3) тиісті облыстың, облыстық маңызы бар қалалардың, Астана және Алматы қалаларының аудандарындағы облыстар, Астана және Алматы қалалары өңірлік кәсіпкерлер палатасы филиалының (бар болса);

4) аграрлық бейіндегі қоғамдық және ғылыми ұйымдардың (бар болса) өкілдері кіреді.

Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі, ал Астана және Алматы қалалары және облыстық маңызы бар қала бойынша – қала әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы немесе бөлімі (бұдан әрі – бөлім) ВАК-тың жұмыс органы болып табылады.

6. Бөлім субсидиялар алу үшін құжаттарды қабылдаудың басталатын және аяқталатын күнін белгілейді және құжаттарды қабылдау мерзімі мен басқа да қажетті мәліметтерді көрсете отырып, ВАК-тың жұмыс тәртібін жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етеді.

7. Аудандар бойынша субсидиялар көлемдері (басым дақылдардың егістік алқабының болжамды құрылымына қарай) облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімімен белгіленеді.

8. Облыстың және Астана мен Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органының шешімімен агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісімі бойынша:

1) субсидияланатын гербицидтердің түрлері және гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограммына) арналған субсидиялар нормалары;

2) субсидияланатын биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттардың түрлері және биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттарды жеткізушілерден сатып алынған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың 1 граммына (данасына) арналған субсидиялар нормалары белгіленеді.

## **2. Гербицидтердің құнын арзандатуға арналған субсидияларды төлеу тәртібі**

### **1. Субсидия төлеу шарттары**

9. Гербицидтердің құнын арзандатуға арналған субсидиялар ағымдағы жылы гербицид жеткізушілерден гербицид сатып алған АШТӨ-нің және өткен жылдың төртінші тоқсанында шығындарды ішінара өтеуге субсидия алмаған АШТӨ-нің шығындарын ішінара өтеуге арналады.

10. Пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіруді (формуляциялауды) және (немесе) сатуды жүзеге асыратын жеке және (немесе) заңды тұлғалар гербицид жеткізушілер болып табылады.

11. Бюджеттік субсидиялар сатып алынған гербицидтердің 1 литріне (килограмына) арналған субсидиялардың нормаларына сәйкес мынадай мөлшерде беріледі:

1) отандық өндірістің гербицидтерін сатып алған кезде субсидиялар АШТӨ-ге сатып алынған гербицид құнының 50 %-на дейінгі мөлшерде төленеді;

2) шетелдік өндірістің гербицидтерін сатып алған кезде субсидиялар АШТӨ-ге сатып алынған гербицид құнының 30 %-на дейінгі мөлшерде төленеді.

Осы Қағидалардың 8-тармағының 1) тармақшасында көзделген гербицидтер түрлеріне арналған субсидиялар нормаларын белгілеген кезде гербицид жеткізушілер сататын шетелдік өндірістің гербицидтерінің құны ұқсас отандық өндірістің гербицидтерінің құнынан аспауы тиіс, отандық және шетелдік өндіріс гербицидтеріне арналған субсидиялар мөлшерлері арасындағы айырмашылық осы тармақта белгіленген айырмашылыққа барабар сәйкес болуы тиіс.

12. Осы Қағидалардың 9, 10 және 11-тармақтарында белгіленген шарттарды АШТӨ-нің сақтамауы облыстың (Астана және Алматы қалаларының) ауыл шаруашылығы басқармасының (бұдан әрі – басқарма) төленген субсидияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өндіріп алуы үшін негіз болып табылады.

### **2. Қажетті құжаттар тізбесі**

13. АШТӨ бөлім белгілеген мерзімдерде бөлімге осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға арналған АШТӨ тізіміне (бұдан әрі – АШТӨ тізімі) қосуға өтінім береді, бұл ретте бір уақытта гербицидтерді жеткізуші берген шот-фактуралар мен тауарлық-көліктік жүкқұжаттардың түпнұсқалары ұсынылады.

Өтінім қабылданған күні АШТӨ-ге өтінімнің қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Қосымша қаражат бөлінген жағдайда, бөлім жоғарыда көрсетілген құжаттар

қоса берілген өтінімдерді қосымша қабылдауды бөлім белгілеген мерзімде жүзеге асырады.

14. Осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес субсидиялар алатын, гербицидтердің құнын шартта айтылған мерзімдерде төлейтін АШТӨ де бюджеттік субсидиялар алушылардың тізіміне енгізіледі.

15. Мынадай жағдайларда:

- 1) тиісті түрде ресімделмеген өтінім берілгенде;
- 2) өтінім берудің осы Қағидалардың 6 және 13-тармақтарында белгіленген мерзімі бұзылғанда субсидиялар берілмейді.

### **3. ВАК-тың жұмыс тәртібі**

16. Бөлім құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды өңдеуді жүзеге асырады және ВАК-тың қарауына ұсынады.

17. ВАК сегіз жұмыс күні ішінде бөлім ұсынған құжаттарды қарайды және тиесілі субсидиялар сомасын көрсете отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АШТӨ тізімін қалыптастырады және оны аудан (облыстық маңызы бар қала) әкіміне, ал Астана мен Алматы қалалары бойынша – қала әкіміне бекітуге жібереді. Бұл ретте, субсидиялауға жататын гербицидтердің көлемі бөлінген бюджет қаражаты мен әрбір АШТӨ-нің егіс алаңдарының мөлшері ескеріле отырып, АШТӨ-нің өтінімдеріне барабар белгіленеді.

Аталған АШТӨ тізіміне қосудан бас тартылған жағдайда, бөлім АШТӨ-ге тізім жасалған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бас тарту себебін көрсете отырып, жазбаша хабарлама береді.

18. Аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана, Алматы қалалары) әкімі екі жұмыс күні ішінде АШТӨ тізімін бекітеді.

19. Аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімі АШТӨ тізімін бекіткеннен кейін бөлім ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органының интернет-ресурсында және ресми баспа басылымдарында тиесілі субсидиялар сомасын көрсете отырып, АШТӨ тізімін орналастырады және оны басқармаға ұсынады.

20. АШТӨ өтінім берілген гербицидтер көлемін сатып алудан немесе өтеуден бас тартқан жағдайда, ВАК осы гербицидтер көлемін АШТӨ тізіміне енгізілген басқа АШТӨ арасында әрбір АШТӨ-нің егіс алаңдарының мөлшеріне қарай қайта бөледі.

### **4. Субсидия төлеу тәртібі**

21. Бөлім тізімді ұсынғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде басқарма осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылы және өткен жылдың төртінші тоқсанында гербицидтер жеткізушіден сатып алынған гербицидтер шығындарын өтеуге арналған АШТӨ-нің жиынтық тізілімін ж а с а й д ы .

22. Гербицид жеткізушілерден сатып алынған гербицидтерге субсидиялар алу үшін басқарма АШТӨ-нің жиынтық тізілімдері негізінде оларды жасағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АШТӨ-ге субсидиялар төлеуге арналған ведомость қалыптастырады.

23. Тиесілі субсидияларды АШТӨ-нің және өндірушілердің банк шоттарына аударуды басқарма төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес тиісті айдың 30-күніне дейін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарымен қоса төлем шоттарының тізілімін ұсыну арқылы жүзеге а с ы р а д ы .

Бұл ретте, тиесілі субсидияларды АШТӨ-нің және өндірушілердің банк шоттарына желтоқсан айында аударуды басқарма тиісті жылдың 20 желтоқсанына дейін жүзеге асырады.

24. Басқарма тиісті жылдың 5 шілдесіне және 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде уәкілетті органға субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат береді.

### **3. Биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын арзандатуға субсидиялар төлеу тәртібі 1. Субсидия төлеу шарттары**

25. Субсидиялар биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізушілерден өсімдіктерді қорғау мақсатында ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеуге арналған биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды сатып алған кездегі шығындарын арзандату (40 %-ға дейін) ү ш і н А Ш Т Ө - г е а р н а л а д ы .

26. Биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды жеткізуші арнайы жарақтандырылған өндірістік биозертханалары мен биофабрикалары бар Қазақстан Республикасында биоагенттерді (энтомофагтарды) өндіруді жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалар және/немесе биоагенттерді (энтомофагтарды) өткізуді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының р е з и д е н т і б о л ы п т а б ы л а д ы .

27. Бюджеттік субсидиялар жеткізушілерден сатып алынған биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың 1 граммына (данасына) арналған субсидиялардың нормаларына сәйкес беріледі.

## 2. Қажетті құжаттар тізбесі

28. АШТӨ бөлім белгілеген мерзімдерде бөлімге осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялар алуға арналған АШТӨ тізіміне (бұдан әрі – АШТӨ тізімі) қосуға өтінім береді, бұл ретте бір уақытта биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттарды жеткізуші берген шот-фактуралар мен тауарлық-көліктік жүкқұжаттардың түпнұсқалары ұсынылады.

Өтінім қабылданған күні АШТӨ-ге өтінімнің қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Қосымша қаражат бөлінген жағдайда, бөлім жоғарыда көрсетілген құжаттар қоса берілген өтінімдерді қосымша қабылдауды бөлім белгілеген мерзімде жүзеге асырады.

29. Осы Қағидалардың 25-тармағына сәйкес субсидиялар алатын, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын шартта айтылған мерзімдерде төлейтін АШТӨ де бюджеттік субсидиялар алушылардың тізіміне енгізіледі.

30. Мынадай жағдайларда:

- 1) тиісті түрде ресімделмеген өтінім берілгенде;
- 2) өтінім берудің осы Қағидалардың 28 және 29-тармақтарында белгіленген мерзімі бұзылғанда субсидиялар берілмейді.

## 3. ВАК-тың жұмыс тәртібі

31. Бөлім құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды өңдеуді жүзеге асырады және ВАК-тың қарауына ұсынады.

32. ВАК сегіз жұмыс күні ішінде бөлім ұсынған құжаттарды қарайды және тиесілі субсидиялар сомасын көрсете отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АШТӨ тізімін қалыптастырады және оны аудан (облыстық маңызы бар қала) әкіміне, ал Астана мен Алматы қалалары бойынша – қала әкіміне бекітуге жібереді. Бұл ретте, субсидиялауға жататын биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың көлемі бөлінген бюджет қаражаты мен әрбір АШТӨ-нің егіс алаңдарының мөлшері ескеріле отырып, АШТӨ-нің өтінімдеріне барабар белгіленеді.

Аталған АШТӨ тізіміне қосудан бас тартылған жағдайда, бөлім АШТӨ-ге тізім жасалған сәттен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей бас тарту себебін көрсете отырып, жазбаша хабарлама береді.

33. Аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана, Алматы қалалары) әкімі екі жұмыс күні ішінде АШТӨ тізімін бекітеді.

34. Аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімі

АШТӨ тізімін бекіткеннен кейін бөлім ауданның (облыстық маңызы бар қаланың, Астана және Алматы қалаларының) жергілікті атқарушы органының интернет-ресурсында және ресми баспа басылымдарында тиесілі субсидиялар сомасын көрсете отырып, АШТӨ тізімін орналастырады және оны басқармаға ұ с ы н а д ы .

35. АШТӨ өтінім берілген биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар көлемін сатып алудан немесе өтеуден бас тартқан жағдайда, ВАК осы биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар көлемін АШТӨ тізіміне енгізілген басқа АШТӨ арасында әрбір АШТӨ-нің егіс алаңдарының мөлшеріне қарай қайта бөледі.

#### 4. Субсидия төлеу тәртібі

36. Бөлім тізімді ұсынғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде басқарма осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылы биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар жеткізушіден биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар сатып алған және өткен жылдың төртінші тоқсанында шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алмаған АШТӨ шығындарын ішінара өтеуге арналған АШТӨ-нің жиынтық тізілімін жасайды.

37. Биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар жеткізушілерден сатып алынған биоагенттерге (энтомофагтарға) және биопрепараттарға субсидиялар алу үшін басқарма АШТӨ-нің жиынтық тізілімдері негізінде оларды жасағаннан кейін үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша АШТӨ-ге субсидиялар төлеуге арналған ведомость қалыптастырады.

38. Тиесілі субсидияларды АШТӨ-нің және өндірушілердің банк шоттарына аударуды басқарма төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес тиісті айдың 30-күніне дейін аумақтық қазынашылық бөлімшесіне екі данада төлем шоттарымен қоса төлем шоттарының тізілімін ұсыну арқылы жүзеге а с ы р а д ы .

Бұл ретте, тиесілі субсидияларды АШТӨ-нің және өндірушілердің банк шоттарына желтоқсан айында аударуды басқарма тиісті жылдың 20 желтоқсанына дейін жүзеге асырады.

39. Басқарма тиісті жылдың 5 шілдесіне және 25 желтоқсанына дейінгі мерзімде уәкілетті органға субсидияларды пайдалану туралы жиынтық ақпарат береді.

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және



биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
1-қосымша

(облыс, аудан, қала әкімдігінің толық атауы)

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

**Өтінім**

\_\_\_\_\_ л ( кг) көлемінде \_\_\_\_\_,  
( гербицид түрі )

\_\_\_\_\_ л (кг) көлемінде \_\_\_\_\_,  
( гербицид түрі )

\_\_\_\_\_ л (кг) көлемінде \_\_\_\_\_,  
( гербицид түрі )

гербицидтер сатып алу үшін субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне қосуды сұраймын.

Р/с №	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер
1	2	3	4
1.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама – заңды тұлға үшін	тіркеу нөмірі	
		тіркеу күні	
		атауы	
		орналасқан жері	
		мемлекеттік тіркеу күні	
2.	Жеке басын куәландыратын құжат – жеке тұлға үшін	жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі	
		ЖСН	
		кім берді	
	Дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік – жеке тұлға үшін	берілген күні	
		орналасқан жері	
3.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	тіркеу күні	
		кім берді	
		актінің нөмірі	
		кадастрлық нөмірі	
		барлық ауданы, га	
оның ішінде егістік			
нысаналы мақсаты			

		сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні кім берді	
		жер пайдаланушының атауы	
4.	Ағымдағы шоттың болуы туралы екінші деңгейдегі банктің анықтамасы	ЖСК	
		Кбе	
		Банктің деректемелері: банктің атауы	
		БСК	
		К/ш	
		БСН	
		Кбе	
5.	Сәйкестік сертификаты (Қазақстан Республикасында өндірілген сатып алынған гербицидтерге)	сертификаттың әрекет ету мерзімі	
		нөмірі	
		сәйкестендірілген өнім (атауы, шығарушы ел)	
		өтініш беруші (атауы, мекенжайы)	
		кім берді	
6.	Шығу тегінің сертификаты/ сапа сертификаты ( импорттық гербицидтерге гербицидтерді өндірушінің)	экспорттаушы/жүк жөнелтуші	
		импортшы/жүк алушы	
		тауардың атауы	
		берілген күні мен орны	
7.	Гербицидтер жеткізушілердің мемлекеттік лицензиясы (пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау) және өткізу жөніндегі қызметпен айналысуға)	лицензияның нөмірі	
		толық атауы	
		орналасқан жері	
		лицензияның түрі	
		кіші қызмет түрінің (әрекет) атауы	
		кім берді	
		берілген күні	
Ауылшаруашылық дақылдың атауы	Алаңы, га	1 га-ға гербицидтерді қолданудың ғылыми ұсынылған нормалары Гербицид түрі (л, кг)	Өңделетін алаңның көлемі га

Ұсынылған ақпараттың дәйектілігін растаймын және дәйекті емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын.

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орны  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
Өтінім қарауға 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қабылданды

(өтінішті қабылдаған жауапты адамның қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))  
Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге  
арналған гербицидтердің, биоагенттердің  
(энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
2-қосымша  
« Б е к і т е м і н »

( о б л ы с т ы ң а т а у ы )

аудан (облыстық маңызы бар қала,  
Астана және Алматы қалалары) әкімі

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрі)  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

### **Бюджеттік субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізімі**

ағымдағы жылы гербицидтер жеткізушіден гербицидтер сатып алған АШТӨ және өткен 20\_\_ жылғы төртінші тоқсанда шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алмаған АШТӨ шығындарын ішінара өтеуге арналады

А у ы л шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	ЖСН/ БСН	А у ы л шаруашылығы тауарын өндірушінің ағымдағы шоты	Гербицид түрі	Сатып алынған гербицидте рдің көлемі, (л, кг)	1 л (кг) гербицидтердің құны, теңге	Өтелуі тиіс сома, теңге
		БСК	ЖСК			
Жиыны:						

ВАК төрағасы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

ВАК мүшелері: \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орны

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге  
арналған гербицидтердің, биоагенттердің  
(энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына  
3-қосымша

### Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жиынтық тізілімі

ағымдағы жылы гербицидтер жеткізушіден гербицидтер сатып алған АШТӨ және өткен 20\_\_ жылғы төртінші тоқсанда шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алмаған АШТӨ шығындарын ішінара өтеуге арналады

Аудан (қала)	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің атауы	ЖСН/БСН	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің ағымдағы шоты		Гербицид түрі	Сатып алынған гербицидтердің көлемі, (л, кг)	1 л (кг) гербицидтердің құны, теңге	Өтелуі тиіс сом, теңге
			БСК	ЖСК				
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жиыны:								

Басқарманың құрылымдық бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге  
арналған гербицидтердің, биоагенттердің  
(энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына

4-қосымша

«Бекітемін»

\_\_\_\_\_ облысының

(қаласының)

басқарма \_\_\_\_\_ басшысы \_\_\_\_\_  
 (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрі)  
 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ аралығында субсидиялар  
 төлеуге арналған ведомость**

отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге:

Ауданның атауы	Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің атауы	Гербицид түрі	Гербицидтерді сатып алған күні	Сатып алынған гербицидтер үшін шығынды өтеу нақты берілген құжаттар, (л, кг)	
				жыл басынан бері	20__ ж. «__» – «__» аралығында
1	2	3	4	5	6
Жиыны:					

**кестенің жалғасы**

1 л (кг) бюджеттік субсидиялардың нормативі, теңге	Тиесілі бюджеттік субсидиялар сомасы, теңге	Жыл басынан төленгені, теңге	Тиесілі бюджеттік субсидиялар сомасының қалдығы, теңге	20__ ж. «__» _____ төлеуге жататыны, теңге
7	8	9	10	11

Төлеу сомасы \_\_\_\_\_ (цифрмен) \_\_\_\_\_ (жазбаша) теңге  
 Б а с қ а р м а н ы ң \_\_\_\_\_ қ ұ р ы л ы м д ы қ  
 бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
 (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
 ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге  
 арналған гербицидтердің, биоагенттердің  
 (энтомофагтардың) және  
 биопрепараттардың құнын  
 субсидиялау қағидаларына

5-қосымша

\_\_\_\_\_ (облыс, аудан, қала әкімдігінің толық атауы)

(занды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты  
(бар болса))

## Өтінім

\_\_\_\_\_грамм (дана) көлемінде \_\_\_\_\_  
(биоагент түрі)

биоагенттерді (энтомофагтарды) және биопрепараттарды сатып алу үшін субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізіміне қосуды сұраймын.

Р/с №	Деректер көзі	Қажетті мәліметтер	Деректер	
1	2	3	4	
1.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік немесе анықтама – заңды тұлға үшін	тіркеу нөмірі		
		тіркеу күні		
		атауы		
		орналасқан жері		
		мемлекеттік тіркеудің күні		
2.	Жер учаскесіне сәйкестендіру және (немесе) құқық белгілейтін құжат	кім берді		
		актінің нөмірі		
		кадастрлық нөмірі		
		барлық ауданы, га		
		оның ішінде егістік		
3.	Ағымдағы шоттың болуы туралы екінші деңгейдегі банктің анықтамасы	нысаналы мақсаты		
		сәйкестендіру құжатының нөмірі мен берілген күні, кім берді		
		жер пайдаланушының атауы		
		ЖСК		
		Кбе		
		Банктің деректемелері: Банктің атауы		
		БСК		
К/ш				
БСН				
Кбе				
Ауылшаруашылық дақылдың атауы	Алаңы, га	1 га биоагенттерді қолданудың ғылыми ұсынылған нормалары		Өңделетін алаңның көлемі, га
		Биоагент түрі (дана, гр)		
1	2	3	4	5

Ұсынылған ақпараттың дәйектілігін растаймын және дәйекті емес мәліметтерді ұсынғаным үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Басшысы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орны

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Өтінім қарауға 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ қабылданды.

\_\_\_\_\_ (өтінішті қабылдаған жауапты адамның қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Өсімдіктерді қорғау мақсатында ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге арналған гербицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) және биопрепараттардың құнын субсидиялау қағидаларына б-қосымша

« Б е к і т е м і н »

-----  
( о б л ы с т ы ң а т а у ы )

-----  
аудан (облыстық маңызы бар қала, Астана және Алматы қалалары) әкімі

-----  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы, мөрі)  
20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

### **Бюджеттік субсидиялар алуға арналған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің тізімі**

ағымдағы жылы биоагенттер (энтомофагтар) мен биопрепараттарды жеткізушіден биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар сатып алған АШТӨ және өткен 20\_\_ жылғы төртінші тоқсанда шығындарын ішінара өтеуге субсидиялар алмаған АШТӨ шығындарын ішінара өтеуге арналады

А у ы л шаруашылы	Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушінің ағымдағы шоты	Сатып алынған биоагенттердің	1 грамм (дана) (биоагенттердің	Өтелу (тиіс
-------------------	--	------------------------------	--------------------------------	-------------





			БСК	ЖСК		тардың көлемі , (грамм, дана)	биопрепарат тардың құны, теңге	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Жиыны:								

ВАК төрағасы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

ВАК мүшелері \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Мөр орны

Өсімдіктерді қорғау мақсатында  
ауылшаруашылық дақылдарын өңдеуге  
арналған гербицидтердің, биоагенттердің  
(энтомофагтардың) және  
биопрепараттардың құнын  
субсидиялау қағидаларына

8-қосымша

Б е к і т е м і н »

\_\_\_\_\_ облысының (қаласының)

басқарма басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)), мөрі

20\_\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**20\_\_жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ «\_\_» \_\_\_\_\_ аралығында субсидиялар  
төлеуге арналған ведомость**

отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге:

Отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің атауы	Биоагент (энтомофаг) және биопрепарат түрі	Биоагенті (энтомофаг ті) және биопрепаратті сатып алған күні	Сатып алынған биоагенттер (энтомофагтар) және биопрепараттар үшін шығынды өтеуге нақты берілген құжаттар, (грамм, дана)	
			жыл басынан бері	20__ж. «__» _____ «__» аралығында
1	2	3	4	5
Жиыны:				

**кестенің жалғасы**

1 грамм (дана) бюджеттік субсидиялардың нормативі, теңге	Тиесілі бюджеттік субсидиялар сомасы, теңге	Жыл басынан төленгені, теңге	Тиесілі бюджеттік субсидиялар сомасының қалдығы, теңге	20__ ж. «__» _____ төлеуге жататыны, теңге
6	7	8	9	10

Төлеу сомасы \_\_\_\_\_ (цифрмен) \_\_\_\_\_ (жазбаша) теңге.

Б а с қ а р м а н ы ң \_\_\_\_\_ қ ұ р ы л ы м д ы қ  
 бөлімшесінің басшысы \_\_\_\_\_  
 (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_  
 (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)) (қолы)